

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАНЫНДАҒЫ  
МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ АКАДЕМИЯСЫ

**Басқару институты**

қолжазба құқығында

**Сартбаева Жанел Болатқанқызы**

**ВЕТЕРИНАРИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ КАДРЛЫҚ ӘЛЕУЕТІН БАҒАЛАУ  
ЖӘНЕ ДАМУ (АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ МЫСАЛЫНДА)**

«7M041 Бизнес және басқару» дайындық бағыты бойынша

«7M04122 – Өңірлік даму» білім беру бағдарламасы

«7M041 Бизнес және басқару» магистрі дәрежесін иелену үшін  
магистрлік жоба

Ғылыми жетекші \_\_\_\_\_ Укибаева Г.К., PhD

Жоба қорғауға жіберілді: «\_\_\_\_\_» \_\_\_\_\_ 2024 ж.

Басқару институтының директоры \_\_\_\_\_ Гаипов З.С., с.ғ.д.

**Астана, 2024**

## МАЗМҰНЫ

<b>НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР.....</b>	<b>3</b>
<b>АНЫҚТАМАЛАР, БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР.....</b>	<b>4</b>
<b>КІРІСПЕ.....</b>	<b>6</b>
<b>1 Ветеринариялық қызметтің кадрлық әлеуетін бағалау және дамытудың теориялық негіздері.....</b>	<b>8</b>
1.1 Ветеринариялық қызметтің кадрлық әлеуеті: түсінігі және құрылымы.....	8
1.2 Ветеринариядағы еңбек ресурстарын бағалау және дамыту саласындағы халықаралық тәжірибе.....	11
<b>2 Алматы облысының ветеринариялық қызметінің кадрлық ресурстарының ағымдағы жағдайын талдау.....</b>	<b>14</b>
2.1 Алматы облысындағы ветеринариялық қызметке шолу.....	14
2.2 Ветеринариялық мамандардың біліктілігі мен құзыреттілігін бағалау.....	21
2.3 Облыстағы ветеринариялық қызмет жұмысындағы мәселелер.....	25
2.4 Ветеринариялық қызметтің кадрлық әлеуетін дамыту бойынша ұсыныстар.....	33
<b>ҚОРЫТЫНДЫ.....</b>	<b>38</b>
<b>ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕР ТІЗІМІ.....</b>	<b>41</b>
<b>ҚОСЫМШАЛАР.....</b>	<b>44</b>

## НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Магистрлік жобада келесі стандарттарға сілтемелер пайдаланылды:

«Ветеринария туралы» Қазақстан Республикасының 2022 жылғы 10 шілдедегі №339 Заңы.

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрінің «Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру қағидаларын бекіту туралы» 2015 жылғы 30 қаңтардағы №7-1/68 бұйрығы.

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрінің «Ветеринариялық есепке алу мен есептілікті жүргізу, ұсыну қағидаларын бекіту туралы» 2015 жылғы 30 сәуірдегі №7-1/394 бұйрығы.

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрінің «Ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) қағидаларды бекіту туралы» 2015 жылғы 29 маусымдағы №7-1/587 бұйрығы.

## АНЫҚТАМАЛАР

Магистрлік жобада төменде көрсетілген терминдер мен анықтаулар қолданылды:

**Вакцинациялау** – ауруды алдын алу мақсатында мал басын иммундауды жүргізу.

**АШЖБ** - ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі дерекқорға ауыл шаруашылығы жануары туралы мәліметтерді енгізе отырып және ветеринариялық паспортты бере отырып, бірдейлендіруді жүргізуге арналған бұйымдарды (құралдарды) пайдалану, таңбалау арқылы жануарларға жеке нөмір беруді қамтитын, жануарларды есепке алу рәсімі.

**Ошақ** - жануарлар ауруының жағдайларын тіркеу.

**Ветеринариялық пункт** - ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыру үшін облыстың жергілікті атқарушы органдары құрған, аудандық маңызы бар қалада, кентте, ауылдық округте орналасқан мемлекеттік ветеринариялық ұйымның оқшау бөлімшесі<sup>7</sup>

**Ветеринариялық-санитариялық сараптама** - жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың, жемшөп пен жемшөп қоспаларының ветеринариялық нормативтерге сәйкестігін органолептикалық, биохимиялық, микробиологиялық, паразитологиялық, уыттық және радиологиялық зерттеулер кешені арқылы айқындау.

**Эпизоотия** - тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік аумағында жануарлардың аса қауіпті және басқа да жұқпалы ауруларының жаппай таралуы.

## БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

ДСҰ	- Денсаулық сақтау ұйымы
ХҚБХ	- Халықаралық эпизоотиялық бюро
ЖАО	- Жергілікті атқарушы орган
НҚА	- Нормативтік құқықтық акт
ВС	- Ветеринариялық станциялар
ВҚ	- Ветеринариялық қызмет
ISO	- Халықаралық стандарттар ұйымы
БАБЖ	- Бірыңғай автоматтандарылған жүйе
АШЖБ	- Ауылшаруалышық жануарларын бірдейлендіру
АӨК	- Агроөнеркәсіптік кешен
АЖ	- Ақпараттық жүйелер
ЗТ	- Заңды тұлға
ЖТ	- Жеке тұлға
БСН	- Бизнес сәйкестендіру нөмірі
ЖСН	- Жеке сәйкестендіру нөмірі
ҰСБ	- Ұлттық статистика бюросы
АШЖБ	- Ауылшаруалышық жануарларын бірдейлендіру ақпараттық жүйесі
АВС	- Аудындық ветеринариялық станциялар
ВП	- Ветеринариялық пункт
ЕАҚ	- Еңбекақы қоры

## Кіріспе

**Зерттеу тақырыбының өзектілігі.** Қазіргі жағдайда Қазақстанның агроөнеркәсіптік секторын дамыту ауыл шаруашылығы жануарларының денсаулығы мен өнімділігіне тікелей байланысты, бұл өз кезегінде ветеринариялық қызметтің тиімді жұмысынсыз мүмкін емес. Ветеринария мал шаруашылығының жоғары өнімділігін қамтамасыз етуде ғана емес, сонымен қатар қоғамды зооноздық инфекциялардан қорғауда шешуші рөл атқарады. Бұл ветеринария саласының елдің экономикалық және әлеуметтік әл-ауқаты үшін стратегиялық маңыздылығын көрсетеді.

Қазақстан Президенті Қ.К. Тоқаевтың «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Жолдауында ветеринариялық саланы жетілдіру қажеттілігі өзекті екендігі айқындалған. Орталық және аймақтық билік арасындағы функциялар мен өкілеттіктердің айқын бөлінуі ветеринарлардың тиімді жұмысының кілті болып табылады, бұл мал денсаулығы мен өнімділігіне, сондай-ақ ауылдық қауымдастықтардың әл-ауқатына тікелей әсер етеді.

Ветеринариялық қызметті жаңғыртусыз ауыл шаруашылығы өнімдерінің экспортын кеңейтуге қол жеткізу мүмкін емес. Бұл салада цифрландыруды енгізу, деректерді жинауды автоматтандыру, кадрлар даярлау және ветеринарлардың еңбек жағдайларын жақсарту қажет. Сонымен қатар, алдағы уақытта Үкімет ветеринариялық жүйенің жұмысын реформалау және жақсарту үшін нақты қадамдар жасауы тиіс [1].

Алматы облысы Қазақстанның аграрлық орталықтарының бірі ретінде өзінің ветеринариялық қызметінің кадрлық әлеуетін арттыру қажеттілігіне байланысты көптеген сын-қатерлерге тап болады. Бұл магистрлік жұмыс Алматы облысындағы ветеринариялық қызметтегі мамандардың кадрлық әлеуетінің ағымдағы жай-күйін талдауға, негізгі проблемаларды анықтауға, оларды шешу және одан әрі дамыту бойынша ұсынымдар әзірлеуге арналған.

Ауылшаруашылығындағы маңызды саланың бірі – мал шаруашылығы. Бүгінде бұл сала халықты түрлі тағам өнімдерімен, өнеркәсіпті шикізатпен қамтамасыз етіп отырғаны сөзсіз. Ал малдың әртүрлі қауіпті кеселге шалдықпауын, олардан алынатын өнімдердің адам денсаулығына зиян келтірмеуін қамтамасыз ету бағытында тынымсыз еңбек ететін ветеринар мамандарының қызметі ерекше екені айтпаса да түсінікті.

**Бұл зерттеудің мақсаты** Алматы облысындағы ветеринариялық қызметтің кадрлық әлеуетін бағалау, оны оңтайландыру және дамыту бойынша ұсыныстар әзірлеу болып табылады.

**Зерттеу мақсатына жету үшін келесідей міндеттер қойылды:**

- Ветеринариялық қызметтің кадрлық әлеуетін бағалау және дамытудың теориялық негіздерін зерделеу

- Ветеринариядағы еңбек ресурстарын бағалау және дамыту саласындағы халықаралық тәжірибені талдау
- Алматы облысының ветеринариялық қызметі мен кадрлық ресурстарының ағымдағы жағдайын талдау және мәселелерді анықтау
- Ветеринариялық қызметтің кадрлық әлеуетін дамыту бойынша ұсыныстар әзірлеу

**Зерттеу нысаны** Алматы облысының ветеринариялық қызметі

**Зерттеу пәні** осы аймақтағы ветеринариялық қызметтің дамуының теориялық, әдістемелік және тәжірибелік аспектілері болып табылады.

**Зерттеу әдістемесіне** ғылыми әдебиеттері, сауалнама жүргізу, статистикалық мәліметтерді талдау және басқа елдердегі тәжірибелерді талдау кіреді.

**Зерттеу нәтижесін сынақтан өткізу** Зерттеу жобасына қатысты ағымдағы жылдың қаңтар айында «Алматы облысының ауылдық округтеріндегі ветеринариялық қызметті кадрлармен қамтамасыз ету» тақырыбында авторлық мақала шығарылды.

**Жұмыстың әдістемелік негізі мен анықтамалық деректері** Қазақстан Республикасының бастапқы құжаттары, Қазақстан Республикасы Стратегиялық даму және реформалар агенттігінің Ұлттық статистикалық бюросының, сондай-ақ Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің және Алматы облысының ветеринария басқармасының мәліметтері болды.

**Зерттеудің практикалық маңыздылығы** ветеринариялық мамандар жұмысының тиімділігін арттыру үшін әзірленген ұсыныстарды қолдану арқылы Алматы облысының аумағында ветеринариялық қызметтердің сапасының артуы.

**Зерттеу жобасының көлемі мен құрылымы** Магистрлік жоба кіріспе, екі тарау, қорытынды, пайдаланылған дереккөздер тізімінен тұрады. Көлемі 41 бет, 5 кесте, 22 сурет бар.

# 1 ВЕТЕРИНАРИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ КАДРЛЫҚ ӘЛЕУЕТІН БАҒАЛАУ ЖӘНЕ ДАМУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

## 1.1 Ветеринариялық қызметтің кадрлық әлеуеті: түсінігі және құрылымы.

«Потенциал» ұғымы латынның «potentia» сөзінен шыққан, жасырын қор, күш дегенді білдіреді. Бұл ұғымның көптеген интерпретациялары оны адам қызметінің әртүрлі, мүлде бір-бірімен байланысты емес салаларына қолдануға болатындығына байланысты. Кез келген ұйымның табысы оның ресурстарын, соның ішінде еңбек ресурстарын жоғары тиімді пайдалануға толығымен байланысты.

Ғалымдардың көпшілігінің пікірінше, адам ресурстары – бұл белгілі бір нәтижеге жету үшін әрбір қызметкердің өз білімі мен дағдыларын жүзеге асырудағы қабілеті мен резерві. С.М. Степанова адам ресурстарының әлеуетінің элементтерін 2 топқа бөледі: әлеуметтік-персонологиялық элемент және ұйымдастыру элементі [2].

Дайнека А.В. адам ресурстарының құрылымында келесі құрамдастарды бөліп көрсетеді: физикалық, интеллектуалдық, әлеуметтік, технологиялық және интегративті [3].

Қызметкердің белгілі бір шектермен шектелген физикалық қабілеттері айтарлықтай дәрежеде пайдаланылады. Айқын шекарасы жоқ интеллектуалдық қабілеттер жартылай ғана пайдаланылады.

Әлеуметтік қарым-қатынастар мен байланыстар – әрбір қызметкердің ерекшеліктерін ескере отырып, ұжымдық қызмет нәтижесінде туындайтын белгілі бір жағдайларда ұйым персоналының әлеуетін арттыратын әсерді тудыруы мүмкін және тудыруы керек. Интегративті потенциал – жетіспейтін немесе дамымаған қабілеттердің орнын толтыру механизмі [3].

Адами капитал - бұл физиологиялық, адамның интеллектуалды, психологиялық мүмкіндіктері. Ол тіршілік процесінде жүзеге асыра алады. Ал кадрлық әлеует ол тек еңбек қызметінде жүзеге асырылады.

Осыған байланысты еңбек әлеуетін анықтау қажет. Еңбек әлеуеті - бұл белгілі бір кәсіпорында еңбекке қабілетті ұйымдастырушылық-техникалық шарттармен жұмыс істей алатын құрылым.

Белгілі әзірбайжандық экономист-профессор Т. А. Кулиевтің ойынша кадрлық әлеует - қоғам, ұйым және кәсіпорындарда кәсіби еңбекке қабілетті азаматтардың кәсіби қатысуға мүмкіндіктері қызметінің түрлері [4].

С. В. Андреевтің пікірінше кәсіпорынның кадрлық әлеуеті – қызметкерлердің жиынтық қабілеттерінің жалпылама сипаттамасы. Белгілі бір біліктілігі бар, дайындықтан өткен кәсіпорындар және белгілі бір салада арнайы білімі, жұмыс тәжірибесі бар функционалдық міндеттерді тиімді орындауға қабілетті қызмет және ағымдағы және экономикалық нәтижелерге сәйкес кәсіпорынның перспективалық мақсаттары [5].

Көптеген сарапшылардың пікірінше, адам ресурстарының негізгі құрамдас бөліктері: әлеуметтік-персонологиялық, кәсіби, біліктілік және ұйымдастыру элементтері (1-сурет).





1-сурет – Еңбек ресурстарының элементтері

Ескерту – автормен [5] мәлімет негізінде құрастырылған

Осылайша, адам ресурстарының әлеуеті қызметкердің жеке қасиеттерінің, оның кәсіби білімінің, біліктілік деңгейінің, сондай-ақ дамуы жүктелген міндеттерді шешуге қолдануға болатын потенциалды мүмкіндіктерінің жиынтығын білдіреді.

Кадрлық әлеует уақыт өте келе өзгеріп, толықтырылуы мүмкін. Персоналдың бірегей қабілеттерін жүзеге асыру мақсатында қажетті жағдайлар жасау кәсіпорын қызметін тиімді ұйымдастыруға ықпал етеді, еңбек ұжымының ақыл-ой, уақытша және физикалық мүмкіндіктерін ашуға және тартуға мүмкіндік береді.

Адам ресурстарына әсер ететін факторларды ішкі және сыртқы деп бөлуге болады.

Мемлекеттің экономикалық даму дәрежесі, құқықтық реттеу, білім берудің қолжетімділік деңгейі сияқты факторлар сыртқы факторлар болып табылады және олар іс жүзінде ұйым тарапынан бақыланбайды.

Ал басқаруға болатын және адам ресурстарының сапасы мен кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігін арттыратын факторлар ішкі. Бұл лайықты жалақы мен еңбек жағдайлары, біліктілігін арттыру және мансаптық өсу мүмкіндіктері, әлеуметтік қамсыздандыру, мұның бәрі қызметкерлердің ынтасын арттыруға және ұзақ мерзімді перспективада кәсіпорынның тиімді дамуына жағдай жасайды.

Соңғы уақытқа дейін кәсіпорындардың көпшілігі қаржылық және материалдық ресурстарды оңтайлы тұтынуға бағытталған болса, қазір жағдай өзгерді. Кадрларға басты рөл беріледі, білім деңгейіне, біліміне, құзыретіне жоғары талаптар қойылады.

Ұйымның адам ресурстарының өсуі өзара байланысты компоненттердің жиынтығына негізделген, оларға жоғары тиімді басқарудың принциптері, әдістері мен ережелері кіреді.

Ауыл шаруашылығының, әсіресе мал шаруашылығының сәтті дамуы көбінесе мемлекеттік ветеринарлық қызметтің тиімділігіне байланысты, оның қызметі ветеринария саласындағы заңнамамен реттеледі және кадрлық, материалдық-техникалық және қаржылық қамтамасыз етуге, ғылыми негізделген жоспарлауға, тиімді басқаруға, ұтымды құқықтық реттеуге байланысты. Ресей Федерациясының ветеринариялық ісін құқықтық реттеу мәселелерін И. Н. Никитин, В. А. Апалькин, Н. М. Калишин, Ф. С. Сибагатуллин, Г. Н. Бурдов, В. Авилов М., Третьяков А. Д., Исхаков О. З., Иванов А. В., Хисамутдинов Ф. Ф., Туников А. Н. зерттеді.

Юшкова Л. Я. және басқалары [6] Ресей Федерациясының ветеринарлық қызметін жетілдіру мақсатында дағдарыстық құбылыстарға талдау жасады. Авторлар "Ветеринария туралы" жаңа заң дайындауды ұсынды. Қазіргі заманғы қойылымдағы ғылыми әдістемелік және практикалық жұмыс диагностика, алдын алу және жою жөніндегі іс-қимылдарды әзірлеу жаппай сипаттағы ауруларды енгізу және жалпылау бойынша ветеринариялық кадрларды даярлауға және оларды арттыруға жәрдемдесу біліктілігі, соттарда ветеринариялық мамандардың мүдделерін қорғау және барлық деңгейдегі билік құрылымдарында кең ауқымды жұмыс жүргізу халық арасында ветеринариялық білімді насихаттауды сипаттаған болатын.

Н. Д. Заводчиков пен С. В. Хабарова [7] өз жұмыстарында барлық ветеринарлық шараларды қаржыландыруды басқару, жоспарлау, ұйымдастыру маңызды рөл атқарады деп атап өткен болатын.

Д. А. Померанцев және басқа зерттеушілер ветеринарлық-санитарлық құжаттарды рәсімдеу үшін "Меркурий" ақпараттық жүйесімен жұмыс істеу кезінде ветеринарлық мамандардың жұмыс уақытын пайдалану тиімділігіне талдау жасады. Зерттеу Санкт-Петербургтің Адмиралтейство, Фрунзе, Мәскеу және Орталық аудандарының барлығын қамтыды. Авторлар жұмыс уақытын ұтымды пайдалану еңбек өнімділігін бағалаумен және кез келген кәсіпорында еңбек ресурстарын пайдалануды жоспарлаумен тығыз байланысты екенін атап көрсетеді [8].

Өз зерттеуінде А. И. Акмуллин [9] аграрлық сектордағы ветеринарлық қызметтерді жақсарту жолдарын егжей-тегжейлі қарастырады. Ресей Федерациясының аймақтарындағы ветеринарлық қызметтердің кадрлық жұмысының сапасы мен тиімділігін арттыруға ерекше назар аударады.

Gates M. C. және басқа авторлар ветеринария саласындағы кәсіби өсуді жалғастыру үшін ағымдағы мәселелер мен перспективаларды қарастырады [10].

Өз ғылыми еңбектерінде Қ. Т. Жұмақанов, А.Х. Абдурасулов және А. Т. Жүнісов Қырғыз Республикасының ветеринарлық палатасын, елдегі жеке ветеринарлардың қызметін реттеу үшін статусарлық орган құруға назар аударады. Олар жеке ветеринарлардың практикалық іс-әрекетті бастамас бұрын палатада тіркелу процесін сипаттайды. Тестілеу негізінде ең төменгі кәсіби талаптарға сай

келетін ветеринарлар ғана жұмысқа жіберіледі. Барлық кезеңдерден сәтті өткендер жануарларды жоспарлы вакцинациялау, диагностикалау және емдеу үшін аудандық мемлекеттік ветеринария басқармаларымен келісімшарттар жасайды. Бұл ветеринарлар сонымен қатар өз аумақтарындағы эпизоотиялық әлауқатқа, жануарларды сәйкестендіруге және жеке мөрлерін пайдаланып жануарлар мен өнімдерге ветеринарлық сертификаттар беруге жауапты [11].

Berman s, Vittuari m, el Bulli H. өз жұмысында Босния мен Герцеговинадағы ауыл шаруашылығы мен ауылдық аумақтардың тұрақты дамуын қолдаудағы басқармалар мен институттардың рөлін атап көрсетті [12].

Bell С. Е. өзінің зерттеуінде ветеринариялық білім беру саласындағы оқытушылық кадрларды дамытуға назар аударды, осы бағыттағы жұмыстың қаншалықты кең жүргізіліп жатқанын және осы тақырып бойынша материалдар жеткілікті түрде жарияланғанын талдап, сонымен қатар осы қызметтің құндылығын бағалады [13].

## **1.2 Ветеринариядағы еңбек ресурстарын бағалау және дамыту саласындағы халықаралық тәжірибе**

Халықаралық эпизоотиялық бюро жаһандық деңгейде ветеринарлық қызметтерді дамытуда шешуші рөл атқарады. Бұл бүкіл әлем бойынша жануарлардың денсаулығына бағытталған үкіметаралық ұйым. 1924 жылы 25 қаңтарда Парижде құрылған, ол ұйымның органикалық жарғысын қамтитын халықаралық келісім негізінде жұмыс істейді [14].

Халықаралық Эпизоотиялық Бюроның негізгі миссиясы - елдердің саяси құрылымына немесе экономикалық жағдайына тәуелді болмай, бүкіл әлем бойынша жануарлардың денсаулығын қамтамасыз ету. Бюро өз қызметі шеңберінде бірқатар маңызды функцияларды орындайды:

жаһандық эпизоотиялық жағдай туралы хабардар етеді; ветеринариялық қызметтерді жаңғыртуға бастамашы болады;

халықаралық қағидаттарды, регламенттерді, нормалар мен стандарттарды әзірлейді.

Қатысушы елдер үшін ХЭБ-тің маңыздылығы бірқатар аспектілерде көрінеді: ол мемлекеттердің жануарлар мен жануарлардан алынатын өнімдердің халықаралық саудасына интеграциялануына ықпал етеді, бұл бюро ұсынған эпизоотиялық стандарттардың орындалуына байланысты; жануарлардың денсаулығы мен тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі мәселелерінде құжаттамалық және сараптамалық қолдау көрсетеді; эпизоотиялармен күресте көмек көрсетеді [15].

Ветеринариялық қызметтердің кадрлық әлеуетін бағалаудың халықаралық тәжірибесі негізінен PVS (Performance of Veterinary Services Pathway) жолы деп аталатын тәсілге негізделген. Дүниежүзілік жануарлар денсаулығын сақтау ұйымы (ДЖДСҰ) әзірлеген [16] Бұл бағалау жүйесі елдерге өздерінің ветеринарлық қызметтерінің күшті және әлсіз жақтарын анықтауға, сондай-ақ олқылықтар мен жақсарту мүмкіндіктерін анықтауға көмектеседі.

PVS бағдарламасы төрт негізгі кезеңді қамтиды: бағдарлау, бағалау, жоспарлау және мақсатты қолдау. Бұл кезеңдер прогресті бақылау үшін уақыт өте келе қайталауға арналған. Осы тәсіл арқылы елдер заңнамаға, техникалық мүмкіндіктерге және ветеринариялық көмектің басқа аспектілеріне енгізілген өзгерістерді бағалау және кейіннен бақылау үшін ДЖДСҰ сертификаты бар тәуелсіз сарапшыларды тарта алады [16].

ДЖДСҰ сонымен қатар жануарлардың денсаулығы мен әл-ауқатын жақсартудың ұлттық стратегияларын әзірлеуде елдерге белсенді қолдау көрсетеді, сонымен қатар басымдықтарды белгілеу ветеринариялық персонал мен ресурстарды нығайтуға арналған инвестициялар. Бұл қолдау тек бағалау мен бақылауды ғана емес, сонымен қатар семинарларды, семинарларды ұйымдастыруды және әдістемелік нұсқаулықтар мен оқу материалдарын ұсынуды қамтиды, бұл ұлттық және аймақтық деңгейде ветеринариялық қызметтердің құзыреттілігін арттыруға және сапасын жақсартуға ықпал етеді.

Бұл халықаралық бағдарлама дүние жүзіндегі жануарлардың денсаулығы мен әл-ауқатын жақсартуға көмектесіп қана қоймайды, сонымен қатар жануарлар мен адам денсаулығы арасындағы тығыз байланысты ескере отырып, жаһандық азық-түлік қауіпсіздігі мен адам денсаулығында шешуші рөл атқарады.

Ветеринария мамандығы шетелде үлкен ғылыми-зерттеу және мансаптық әлеуетке ие. Кез келген басқа кәсіппен салыстырғанда, Канададағы, Еуропалық Одақтағы және АҚШ-тағы ветеринарлар тартымды жалақы пакеттері мен тәжірибелерімен жұмыс істейді. Ветеринарларға арналған жұмыс мүмкіндіктері іс жүзінде шексіз және жеке немесе корпоративтік клиникалық тәжірибені, оқыту мен зерттеуді, нормативтік медицинаны, қоғамдық денсаулық сақтауды және әскери қызметті қамтиды.

### ***Америка Құрама Штаттарының тәжірибесі***

АҚШ – та алғашқы диагностика мен кеңес беру үшін телемедицинаны белсенді қолданылады. Телемедицинаны қолдану ветеринарларға физикалық жүктемені азайтуға және аз уақытта клиенттерге көбірек қызмет көрсетуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар ветеринариялық қызметтерді көрсетудің нақты стандарттары міндеттерді біркелкі бөлуге және шамадан тыс жүктемелердің алдын алуға ықпал етеді.

Американдық ветеринарлық медициналық қауымдастық (AVMA) - жеке және корпоративті клиникаларда, мемлекеттік мекемелерде, өнеркәсіпте, күш құрылымдарында және ғылымда жұмыс істейтін 80 000-ға жуық американдық ветеринарларды ұсынады.

АҚШ-тың AVMA мамандардың дипломнан кейінгі үздіксіз білім беру мәселелерін реттеу, бұл дәрігерлік практиканы жүзеге асыруға, біліктілікті арттыру курстарына үнемі қатысуға немесе басқа білім беру бағдарламаларына, симпозиумдарға, конференцияларға қатысуға ниетті әрбір адам үшін

қажеттілікті білдіреді. Білім беру бағдарламаларына және басқа да іс-шараларға қатысқаны үшін белгіленген кезеңнің соңында қосылатын белгілі бір балл саны есептеледі. Егер маман белгіленген ең төменгі ұпай санын жинамаса, ол лицензиясынан айырылуы мүмкін.

### ***Еуропа елдерінің тәжірибесі***

Еуропада ветеринарларға арналған әлеуметтік пакеттер олардың әлеуметтік жағдайларын қамтамасыз етуге және еңбек жағдайларын жақсартуға арналған көптеген жеңілдіктер мен артықшылықтарды қамтиды.

Еуропадағы ветеринарларға арналған әлеуметтік пакеттің бірнеше типтік компоненттері:

Медициналық сақтандыру - ветеринарларға да, олардың отбасыларына да медициналық шығындарды, соның ішінде дәрігерге баруды, дәрі-дәрмектерді және ауруханаға жатқызуды қамтиды.

Зейнетақы бағдарламалары - болашақта қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін зейнетақы схемаларын немесе инвестициялық мүмкіндіктерді ұсыну.

Оқыту және кәсіби даму - конференциялар, семинарлар мен курстарды қоса алғанда, қаржыландыру немесе оқу мүмкіндіктері арқылы ветеринарлық дәрігерлердің кәсіби өсуіне қолдау көрсету.

Материалдық көмек және сақтандыру - төтенше жағдайларда материалдық көмек алу мүмкіндігі, сондай-ақ жазатайым оқиғалар мен мүгедектіктен сақтандыру.

Әлеуметтік жеңілдіктер - спорт клубтары, ойын-сауық және т. б. сияқты әртүрлі тауарлар мен қызметтерге жеңілдіктер алу мүмкіндігі.

### ***Ресей елінің тәжірибесі***

Мемлекеттік ветеринариялық ұйымдарға – аудандық ветеринариялық станцияға жұмыс орналасқан жас ветеринариялық мамандарға мемлекет тарапынан қолдау көрсетіледі.

«Ветеринария» мамандығы бойынша білім алған және ауылдық жерде орналасқан мемлекеттік ветеринарлық мекемеге 3 жыл жұмыс істеуге келген түлек 150-ден 250 мың рубльге дейін біржолғы төлем алуға құқылы, бұл маманның дайындық деңгейіне және мекеменің аумақтық орналасуына байланысты, сонымен қатар оған лауазымдық жалақыға қосымша ақы тағайындалады - 3 жыл ішінде ай сайын 6 мың рубль. Бұл ретте оған мекемемен кемінде 3 жыл мерзімге еңбек шартын жасасу қажет болады.

Сонымен қатар, ауылдық жерлерде тұрақты тұратын және жұмыс істейтін тұрғын үй жағдайларын жақсартуға мұқтаж маманға тұрғын үй салуға немесе сатып алуға әлеуметтік төлем қарастырылған.

## **2 АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ВЕТЕРИНАРИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ КАДРЛЫҚ РЕСУРСТАРЫНЫҢ АҒЫМДАҒЫ ЖАҒДАЙЫН ТАЛДАУ**

### **2.1 Алматы облысындағы ветеринариялық қызметке шолу**

Қазақстан Республикасының «Ветеринария туралы» Заңының 3 бабына сәйкес, ветеринария саласының негізгі мақсаттары мен міндеттеріне жануарларды аурулардан қорғау және емдеу, халықтың денсаулығын жануарлар мен адамдарға ортақ аурулардан қорғау, ветеринариялық-санитариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, еліміздің аумағына басқа мемлекеттерден жануарлардың жұқпалы және экзотиялық ауруларының әкелінуі мен таралуынан қорғау жатады [17].

Алматы облысындағы ветеринариялық қызмет Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің (әрі қарай ҚР АШМ ВБЖҚК) Алматы облыстық аумақтық инспекциясы және Алматы облысының ветеринариялық басқармасы және ветеринариялық зертханалар арқылы ұйымдастырылған.

ҚР АШМ ВБЖҚК Алматы облыстық аумақтық инспекциясы тарапынан облыс аумағында ветеринариялық-санитариялық бақылауды және қадағалау жүзеге асырылатын болса, Алматы облысының ветеринариялық басқармасы тарапынан ветеринария саласындағы негізгі функцияларды атқару бойынша іс-шаралар жүргізіледі.

Облыс әкімдігінің 2023 жылғы 30 қазандағы «Алматы облысының ветеринария басқармасы» мемлекеттік мекемесіне ведомстволық бағынысты мемлекеттік кәсіпорындарды қайта ұйымдастырудың кейбір мәселелері туралы» №378 қаулысы негізінде Басқарманың «Алматы облысының ветеринариялық станциясы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны құрылды.

Қазақстан Республикасы «Ветеринария туралы» Заңының 11-бабы, 4-тармағына сәйкес, олар төмендегі функцияларды атқарады:

- Жануарлардың аса қауіпті, жұқпалы емес және энзоотиялық ауруларына қарсы ветеринариялық іс-шаралар жүргізу;
- Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізу;
- Құрылысын тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктердің жергілікті атқарушы органдары ұйымдастырған мал қорымдарын (биотермиялық шұңқырларды), мал сою алаңдарын (ауыл шаруашылығы жануарларын сою алаңдары) күтіп-ұстау;
- Жануарларды аулау, уақытша ұстау және жансыздандыру;
- Биологиялық материалдардың сынамаларын алу және оларды ветеринариялық зертханаға жеткізу;
- Ветеринариялық анықтама беру.

Кәсіпорынды құру штат бірлігін оңтайландыруға, ветеринариялық іс-шараларды жүргізу үшін тауарларды орталықтандырып мемлекеттік сатып алу кезінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайтуға және бюджет қаражатын үнемдеуге оң әсерін тигізеді.

2024 жылдың 01 қаңтардағы жағдай бойынша ҚР АШМ ВБЖҚК Алматы облыстық аумақтық инспекциясы қарамағына 10 аудандық және қалалық аумақтық инспекция кіреді.

Алматы облысының ветеринариялық басқармасы қарамағына 1 облыстық ветеринариялық станция мен 10 аудандық және қалалық ветеринариялық бөлімдер мен 135 ауылдық ветеринариялық пункттер кіреді.

«Алматы облысының ветеринария басқармасы» мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының ветеринария саласына басшылықты жүзеге асыратын және ветеринариялық-санитариялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған мемлекеттік органы болып табылады.

Мемлекеттік мекемесінің негізгі миссиясы облыс аумағының эпизоотиялық салауаттылығын қамтамасыз етуге бағытталған ветеринария саласындағы бірыңғай мемлекеттік саясатты жүргізу болып табылады.

Міндеттері:

- 1) жануарларды аурулардан қорғау және оларды емдеу;
- 2) халықтың денсаулығын жануарлар мен адамдарға ортақ аурулардан қорғау;
- 3) ветеринариялық-санитариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету;
- 4) Қазақстан Республикасының аумағын басқа мемлекеттерден жануарлардың жұқпалы және экзотикалық ауруларының әкелінуінен және таралуынан қорғау;
- 5) ветеринариялық препараттардың, жемшөп пен жемшөп қоспаларының қауіпсіздігі мен сапасын бақылау;
- 6) диагностика, жануарлар ауруларына қарсы күрес және ветеринариялық-санитариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету құралдары мен әдістерін әзірлеу және пайдалану;
- 7) жеке және заңды тұлғалар ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыру кезінде қоршаған ортаның ластануының алдын алу және жою;
- 8) ветеринарияны дамыту, ветеринария саласындағы мамандарды, ветеринария саласында кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғаларды даярлау және олардың біліктілігін арттыру.

Функциялары:

- 1) денсулық сақтау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органмен бірлесіп халық денсаулығын жануарлар мен адамдарға ортақ аурулардан қорғауды және өзара ақпарат алмасуды ұйымдастыру;
- 2) ветеринария саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;
- 3) облыс аумағында орналасқан екі және одан да көп аудандарда жануарлардың жұқпалы аурулары пайда болған жағдайда, тиісті аумақтың бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының ұсынуы бойынша карантиндік немесе шектеу іс-шараларын белгілеу туралы шешімдер қабылдау;
- 4) Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан екі және одан да көп облыстарда пайда болған жануарлардың жұқпалы ауруларының ошақтарын жою бойынша ветеринариялық іс-шаралар кешенін жүргізгеннен кейін тиісті

аумақтың бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының ұсынуы бойынша шектеу іс-шараларын немесе карантинді тоқтату туралы шешім қабылдау; осы аймақтың аумағы;

5) Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатқа ветеринариялық-санитариялық сараптама жүргізуді лицензиялау;

б) жеке және заңды тұлғалардан ветеринария саласындағы кәсіпкерлік қызметті бастау немесе тоқтату туралы хабарламалар алу [17].


#### Қаржыландыру

Ветеринария саласын қаржыландыру негізгі азық – түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету, ауыл шаруашылығы өнімдері өндірісін тұрақты өсіру мақсатында республикалық бюджеттен жүзеге асырылады. Бөлінген қаражат бойынша ақпарат кестеде көрсетілген [18].

Кесте 1 – Ветеринария саласына бөлінген қаражат бойынша ақпарат

Ветеринариялық іс-шаралар	Бөлінген қаржы көлемі (мың теңге)		
	2021 жыл	2022 жыл	2023 жыл
<b>Барлығы</b>	3 791 901,7	3 872 421,2	3 950 112,7
Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүзеге асыру	133 550,8	148 759,7	148 759,6
Эпизоотияға қарсы іс-шараларды жүргізу	3 513 800,2	3 571 415,9	3 694 415,9
Қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулау жұмыстары	104 449,0	109 147,4	62 466,0
Энзоотияға қарсы іс-шараларды жүргізу	56,8	53,0	48,3
Ауыл шаруашылығы жануарлары иелеріне өтемақы төлеу	40 045,0	43 045,0	44 423,0

Ескерту – автормен [18] мәлімет негізінде құрастырылған



1- сурет – Ветеринария саласына бөлінген қаражаттың динамикасы  
Ескерту – автормен [18] мәлімет негізінде құрастырылған

2 - суретте байқағанымыздай соңғы 3 жылда 2021 жыл мен 2023 жыл аралығында ветеринария саласына бөлінген қаражат көлемі өскенін байқауға болады.



### Ветеринария жүйесінің заңнамалық базасы

Ветеринария саласындағы қызмет келесі нормативтік құқықтық актілермен реттеледі: 15 негізгі актілер, Кеден одағы мен Еуразиялық экономикалық одақтың 6 негізгі құқықтық актілері, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 9 қаулылары, 61 ереже және Қазақстан Республикасында ветеринариялық қызметті жаңғырту" халықаралық талаптарға сәйкес Стратегия.

### Ветеринария саласындағы ақпараттық жүйелер бойынша

2011 жылдан бастап «Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру» дерекқоры, 2012 жылдан «Бірыңғай автоматтандырылған басқару жүйесі» қызмет атқарады [19].

Елімізде қолданылып жүрген «Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру» дерекқоры ауыл шаруашылығы жануарларын есепке қоюды және есептен шығаруды, профилактикалық және диагностикалық іс-шараларды тіркеу, оны енгізуді қамтиды.

2021 жылдың басында Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру» дерекқоры да жаңартылды. «НАНОЦ» КЕАҚ- ы тарапынан ақпараттарды ескі базадан жаңа базаға көшіру аяқталды.

Бүгінгі таңда аталған дерекқорды техникалық сүйемелдеу «Агроөнеркәсіптік кешендегі экономикалық саясаттың талдау орталығы» жауапкершілігі шектеулі серіктестік тарапынан жүргізіледі.

«Бірыңғай автоматтандырылған басқару жүйесі» арқылы электрондық форматта ветеринариялық ілеспе құжаттар беріледі (ветеринариялық анықтамалар, ветеринариялық сертификаттар және экспортқа рұқсаттар) [20].

2023 жылы облыс бойынша БАБЖ (ЕАСУ) Веб - порталы арқылы берілген ветеринариялық анықтамалардың саны 75 586 дана. Соның ішінде: №1 нысан – 67 157 дана, №2 нысан – 6 888 дана, №3 нысан – 1 541 дана [21].

### Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру бойынша

Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру тиісті әкімшілік аумақтың ветеринариялық мамандары арқылы ақысыз негізде жүзеге асырылады [22].


Аталған жұмыс Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрінің «Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру қағидаларын бекіту туралы» 2015 жылғы 30 қаңтардағы №7-1/68 бұйрығына сәйкес жүргізіледі.

2024 жылдың 1 қаңтардағы жағдай бойынша облыс көлемінде «Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру» дерекқорында: ірі қара мал – 628 948 бас, ұсақ мүйізді мал – 2 565 995 бас, жылқы – 219 507 бас, шошқа – 40 444 бас, түйе – 7 907 бас тіркелген [23].

Мал басын есепке алуды жергілікті атқарушы орган және ҚР Ұлттық статистика бюросы жүзеге асырады.


Алматы облысы аумағындағы 2021 -2023 жылдар кезеңінде мал бастары бойынша ақпарат төменде көрсетілген 3-7 суреттерде берілген.

**Ірі қара мал**




3-сурет – ІҚМ мал бастары  
Ескерту – Автормен [24] ақпарат негізінде құрастырылған

**Ұсақ мүйізді мал**




4-сурет – ҰММ мал бастары  
Ескерту – Автормен [24] ақпарат негізінде құрастырылған

**Жылқы**




5-сурет – Жылқы мал бастары  
Ескерту – Автормен [24] ақпарат негізінде құрастырылған

**Шошқа**



6-сурет – Шошқа мал бастары  
Ескерту – Автормен [24] ақпарат негізінде құрастырылған

**Түйе**



7-сурет – Түйе мал бастары  
Ескерту – автормен [24] ақпарат негізінде құрастырылған

2011 жылы елімізде жануарларды бірыңғай тіркеу және бірдейлендіруді жүргізу мақсатында «Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру дерекқоры» мен 2012 жылы ветеринариялық құжаттарды рәсімдеу және беру мақсатында «Бірыңғай автоматтандырылған басқару жүйесі» енгізілді.

«Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру дерекқоры» жануарлардың қозғалысын тууылғаннан союға дейінгі аралықта бақылауға мүмкіндік береді. Алматы облысының ветеринария басқармасының мәліметі бойынша аталған дерекқорда облыс бойынша 1000-нан астам пайдаланушылар (ветеринарлық дәрігерлер, құрылымдық инспекция бөлімшелерінің, ПМ қызметкерлері мал ұрлығының жолын кесу бөлігінде) жұмыс істейді [23].

2024 жылдың 1 мамырдағы жағдай бойынша облыс көлемінде «Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру» дерекқорында: ірі қара мал – 648 205 бас, ұсақ мүйізді мал – 2 689 031 бас, жылқы – 221 883 бас, шошқа – 41 812 бас, түйе – 7 917 бас тіркелген.

Жүргізілген ветеринариялық-профилактикалық іс-шаралар (вакцинация) мен диагностикалық іс – шараларды ветеринариялық дәрігерлер ветеринария саласындағы қолданыстағы заңнамаға және нормативтік құқықтық актілерге сәйкес уақытылы дерекқорға енгізіп отырулары қажет.

2023 жылы облыс аумағында ауыл шаруашылығы жануарлары мен құстардың аса қауіпті ауруларының 16 түріне қарсы ветеринариялық-профилактикалық шаралар өткізілді.

Жануарлардың аса қауіпті ауруларының профилактикасы бойынша 2023 жылдың жоспары 100%-ға орындалды (18 754 140 манипуляция жүргізілді).

2023 жылы 292 бас мүйізді ірі қара, 168 бас ұсақ мүйізді мал бруцеллезге оң нәтиже көрсетті. Ауру жануарлар өңдеу кәсіпорындарына санитарлық союға жіберілді.

2023 жылы жануарлардың аса қауіпті ауруларының 8 қолайсыз ошағы тіркелді. Олар, ұсақ мүйізді малдың браздоты 1 ошақ (Еңбекшіқазақ), ұсақ мүйізді малдың энтеротоксемиясы 1 ошақ (Жамбыл), ұсақ мүйізді малдың күлі 1 ошақ (Жамбыл), мүйізді ірі қараның қарасаны 3 ошақ (Талғар, Кеген-2), жануарлардың хламидиозы 2 ошақ (Талғар). Қазіргі уақытта ошақтар толық сауықтырылды [18].

#### Облыстағы эпизоотиялық ахуал бойынша

Ветеринария саласында қолайлы және тұрақты эпизоотиялық ахуалды қамтамасыз ету өте маңызды болып келеді.

8-суретте 2021 жылмен 2023 жыл аралығында облыс аумағында тіркелген аса қауіпті жұқпалы аурулардың динамикасы көрсетілген.




8-сурет – Аса қауіпті жұқпалы аурулардың динамикасы

Ескерту – автормен [18] мәлімет негізінде құрастырылған

8-суреттен байқағанымыздай жылдан жылға аса жұқпалы аурулардың саны мен ошақтар саны артуды. Бұл жануарларға уақытылы профилактикалық іс-шаралардың жасалмауының салдарынан туындаған жағдай.

Сонымен қатар, Алматы облысында қарсы шараларды кешенді жүргізу есебінен бруцеллез ауруы бойынша қалыптасқан жағдай 9-суретте көрсетілген.



9-сурет – Бруцеллез ауруы бойынша

Ескерту - автормен [18] мәлімет негізінде құрастырылған

Облыс аумағында соңғы 3 жылда (2021-2023 жылдар) ауыл шаруашылығы жануарларының арасында бруцеллез ауруының бәсендегенін атап өткен жөн. 2021 жылмен салыстырғанда 2023 жылы оң нәтиже көрсеткен ірі қара мал бастары 55%-ға азайған, ал ұсақ мүйізді мал бастары 66 %-ға азайғанын көруге болады.

Жоғарыда баяндалғандардың негізінде, Алматы облысындағы ветеринариялық қызметті ұйымдастыру, оның жүргізілуі туралы ағымдағы жағдайға шолу жасалғанын көре аламыз.

## 2.2 Ветеринариялық мамандардың біліктілігі мен құзыреттілігін бағалау

Бүгінгі таңда 2024 жылдың 01 қаңтардағы жағдай бойынша облыс аумағында облыстық ветеринариялық станция, 20 аудандық/қалалық ветеринариялық бөлімдер мен 135 ветеринариялық пункттер қызмет атқаруда. Аталған ұйымдардағы қызметкерлер санына жеке тоқталып өтетін болсақ, облыстық ветеринария басқармасында 22, ветеринариялық станцияда 15, аудандық/қалалық ветеринариялық бөлімдерде 35, ветеринариялық пункттерде 835 бірлікті құрайды. Төмендегі 2-кестеде облыс аумағындағы ветеринариялық пункттерде қызмет ететін штат бойынша ақпарат аудандар мен қала бөлінісінде көрсетілген.

Кесте 2 – Ветеринариялық пункттердегі штат саны бойынша ақпарат

Аудан/қала ағауы	Барлығы			Вет.дәрігер			Вет.фельдшер			Вет.санитар			ИСЖ операторлар		
	2021	2022	2023	2021	2022	2023	2021	2022	2023	2021	2022	2023	2021	2022	2023
<b>Балқаш</b>	109	106	102	48	47	45	44	43	41				17	16	16
<b>Еңб-қ</b>	140	135	128	56	55	53	54	53	51	9	8	6	21	19	18
<b>Жамбыл</b>	178	175	169	110	109	107	59	58	56	9	8	6			
<b>Іле</b>	82	79	73	41	40	38	22	21	19	19	18	16			
<b>Қарасай</b>	33	31	27	24	23	21	9	8	6						
<b>Кеген</b>	95	93	87	25	24	22	20	19	17	50	49	47	0	1	1
<b>Райымбек</b>	101	98	92	30	29	27	18	17	15	53	52	50			
<b>Талғар</b>	49	47	43	31	30	28	18	17	15						
<b>Ұйғыр</b>	109	106	100	34	33	31	41	40	38	34	33	31			
<b>Қонаев қ.</b>	20	18	14	8	7	5	11	10	8				1	1	1
<b>Барлығы</b>	916	888	835	407	397	377	296	286	266	174	168	156	39	37	36

Ескерту - автормен [18] мәлімет негізінде құрастырылған

Жоғарыдағы 2-кестеден 2021 – 2023 жылдар аралығында облыс аумағында:

Балқаш ауданы бойынша: ветеринариялық дәрігерлер – 109 маманнан 102 маманға, яғни 7 маманға, оның ішінде ветеринариялық дәрігерлер 3 маманға, ветеринариялық фельдшерлер 3 маманға, ИСЖ операторлар 1 маманға азайған.

Еңбекшіқазақ ауданы бойынша: 140 маманнан 128 маманға, яғни 12 маманға, оның ішінде ветеринариялық дәрігерлер – 3 маманға, ветеринариялық фельдшерлер – 3 маманға, ветеринариялық санитарлар – 3 маманға, ИСЖ операторлар – 3 маманға азайған.

Жамбыл ауданы бойынша: 178 маманнан 169 маманға, яғни 9 маманға, оның ішінде ветеринариялық дәрігерлер 3 маманға, ветеринариялық фельдшерлер 3 маманға, ветеринариялық санитарлар – 3 маманға, ветеринариялық санитарлар 3 маманға азайған.

Іле ауданы бойынша: 82 маманнан 73 маманға, яғни 9 маманға, оның ішінде ветеринариялық дәрігерлер 3 маманға, ветеринариялық фельдшерлер 3 маманға азайған.

Қарасай ауданы бойынша: 33 маманнан 27 маманға, яғни 6 маманға, оның ішінде ветеринариялық дәрігерлер 3 маманға, ветеринариялық фельдшерлер 3 маманға азайған.

Кеген ауданы бойынша: 95 маманнан 87 маманға, яғни 8 маманға, оның ішінде ветеринариялық дәрігерлер 3 маманға, ветеринариялық фельдшерлер 3 маманға, ИСЖ операторлар 1 маманға азайған.

Райымбек ауданы бойынша: 101 маманнан 92 маманға, яғни 9 маманға, оның ішінде ветеринариялық дәрігерлер 3 маманға, ветеринариялық фельдшерлер 3 маманға азайған.

Талғар ауданы бойынша: 49 маманнан 43 маманға, яғни 6 маманға оның ішінде ветеринариялық дәрігерлер 3 маманға, ветеринариялық фельдшерлер 3 маманға азайған.

Ұйғыр ауданы бойынша: 109 маманнан 100 маманға, яғни 9 маманға, оның ішінде ветеринариялық дәрігерлер 3 маманға, ветеринариялық фельдшерлер 3 маманға, ветеринариялық санитарлар 3 маманға азайған.

Қонаев қаласы бойынша: 20 маманнан 14 маманға яғни 6 маманға, оның ішінде ветеринариялық дәрігерлер 3 маманға, ветеринариялық фельдшерлер 3 маманға, ИСЖ операторлар 1 маманға азайған.

Жалпы алғанда облыс бойынша 2021 – 2023 жылдар аралығында ветеринариялық пункттерде қызмет жасайтын 916 маман 835 маманға, яғни 81 маманға (8,8%-ға ) қысқарған.

Ветеринария мамандарының жыл сайын жұмыстан кетуіне бірнеше факторлар әсер етеді. Оларға:

➤ Инфрақұрылымның дамымауы: бүгінгі таңда ауылдық жерлерде заманауи медициналық технологияларға, дәрі-дәрмекерге, ветеринариялық тәжірибеге арналған жабдықтарға қол жетімділікке шектеулердің болуы;

➤ Мамандандырылған қызметтің болмауы: ветеринар мамандар кәсіби өсумен оқуға мүмкіндігі жоғары қалалық аймақта жұмыс істеуді, сонымен қатар ветеринариялық клиникада қызмет жасағанды қалайды.

➤ Жалақының төмен болуы: ветеринария мамандарының орташа жалақысы облыс көлемінде 198 400 теңгені құрайды. (Қазақстан Республикасы бойынша жалақының орташа мәні 2024 жылғы I тоқсанда – 382 279 теңгені құраған);

Келесі кезекте ветеринариялық пункттерде қызмет жасайтын мамандардың біліктілігі мен құзыреттіліктерін бағалау мақсатында олардың жынысы, жас ерекшеліктеріне, білім деңгейіне жеке жеке тоқталып өтетін боламыз.

10-суретте 2021 – 2023 жылдар аралығында ветеринариялық пункт мамандарының жынысы бойынша сандық қатынасы талданады.



10-сурет – Жынысы бойынша ВП мамандарының сипаттамалары  
Ескерту - автормен [18] мәлімет негізінде құрастырылған


10-суреттен көргеніміздей, 2021 жылы жалпы ветеринарлардың 82,3%-ы ер адамдар, 17,7%-әйел адамдар; 2022 жылы ер адамдар жалпы мамандардың 82,1%-ын құраса, 17,9%-ы әйел адамдар болған, ал 2023 жылы 81,6%-ер адамдар, 18,4%-ын әйел адамдар құрайды. Назар аударатын жайт, жыл сайын ветеринариялық пунктерде қызмет жасайтын ер адамдардың саны жылдан жылға азаюы тұрақты үрдіске айналғанын көре аламыз.

Сонымен бірге, 2021 – 2023 жылдар аралығында ер мамандардың да, әйел мамандардың да саны азайған. Атап өтсек, 2022 жылы 2021 жылмен салыстырғанда ер адамдар саны 25 маманға, 2023 жылы 48 маманға азайған. Әйел адамдар 2021 жылмен салыстырғанда 2022 жылы 3 адамға, 2023 жылы 5 маманға азайған.

Бүгінгі таңда «Ветеринария» мамандағы әйел азаматшаларының арасында беделді мамандыққа айналды.

Облыс аумағында қызмет ететін 835 маманның 154 әйелдер.

Келесі ретте ветеринариялық пункт мамандарының жас ерекшеліктері бойынша сипаттамаларына 11-суретте тоқталатын боламыз.



11-сурет – ВП мамандарының жас ерекшелігі бойынша сипаттамасы  
Ескерту - автормен [18] мәлімет негізінде құрастырылған

11-суретте көргеніміздей 2021 жылы зейнет жасындағы мамандар саны жалпы мамандардың 3,9% -ын құраған, 50-63 жас аралығындағы мамандар саны 23,4%, 40-50 жас аралығындағы мамандар саны 19,5%, 30-40 жас аралығындағы мамандар саны 27,5%, 18-30 жас аралығындағы мамандар саны 25,7%-ын құрайды.


2022 жылы жалпы мамандардың 3,7%-ын зейнет жасындағы мамандар, 23,6%-ын 50-63 жас аралығындағы мамандар, 19,6%-ын 40-50 жас аралығындағы мамандар, 27,5%-ын 30-40 жас аралығындағы мамандар, 18-30 жас аралығындағы мамандар жалпы мамандардың 25,6%-ын құрады.

2023 жылы жас аралығы бойынша жалпы мамандардық құрамы : зейнет жасындағы мамандар 3,4%, 50-63 жас аралығындағы мамандар 24,9% , 40-50 жас аралығындағы мамандар 19,5%, 30-40 жас аралығындағы мамандар 28,5%, 18-30 жас аралығындағы мамандар 23,7% болды.

Мамандардың жас аралық құрамын талдау барысында ерекше назар аудартарлық жайт, ветеринарлық қызметте жас ерекшелігі бойынша 40 жастан жоғары мамандар жалпы мамандардың жартысына жуығын (2021 жылы – 46,8%; 2022 жылы- 46,9%; 2023 жылы- 47,8% ) құрайды, яғни жыл өткен сайын жас мамандардың үлесі азаюда. Алдағы уақытта, өңірде зейнет жасына жуықтаған мамандардың орнын толтыру мақсатында, жас мамандарға деген сұраныс артып, білікті мамандарды даярлау, табу, жұмыс орнында ұстап қалу тәуекелдері туындайды.

Сонымен бірге, облыс аумағында ветеринариялық қызметтегі мамандардың білім деңгейі бойынша шолу 12-суретпен ұсынылады.





12-сурет – ВП мамандарының білім деңгейі бойынша сипаттамасы  
Ескерту - автормен [18] мәлімет негізінде құрастырылған

2021-2023 жылдар аралығында өңірде ветеринариялық қызметтегі мамандардың азаюымен қоса, жоғары және орта арнайы білімге ие мамандардың саны азайып, штаттық құрам 2-3 айлық курсты аяқтаған мамандармен толықтырылып отырғанын байқай аламыз. Атап өтетін болсақ,

2021 жылы жалпы маманның білім деңгейі: 46%- жоғары білім, 39,2%- орта арнайы білім, 14,8%- 2-3 айлық курсты аяқтаған мамандар.

2022 жылы жалпы маманның білім деңгейі: 46,6%- жоғары білім, 37,4%- орта арнайы білім, 16%- 2-3 айлық курсты аяқтаған мамандар.

2023 жылы жалпы маманның білім деңгейі: 46,5%- жоғары білім, 35,7%- орта арнайы білім, 17,8 %- 2-3 айлық курсты аяқтаған мамандар.

2023 жылы өткен жылдармен салыстырғанда 2-3 айлық курсты аяқтаған мамандар саны артқан, мысалы 2021жылы ол көрсеткіш 3% - ға артса, яғни 6 маман; 2022 жылы 1,8%-ға, яғни 7 маманға өсіп отыр.

Сонымен бірге шолу жасалған 3 жылдың ішінде жоғары білімді 33 маман, орта арнайы білімі бар 61 маман ветеринариялық қызметтен кеткен.

### **2.3 Облыстағы ветеринариялық қызмет жұмысындағы мәселелер**

2021-2023 жылдар аралығында Қазақстанда мал шаруашылығы өнімдерінің жалпы шығарылымы 2,1-ден 2,6 триллион теңгеге дейін өсті. Ет өндірісі 10,3% - ға, сүт өндірісі 6,4% - ға артты. Ірі қара малдың саны 9,8% – ға 7,9 миллион басқа дейін, қой – 8,1% – ға 17,7 миллионға дейін, жылқы-19% - ға 3,1 миллионға дейін, түйе-9,7% - ға 227,7 мың басқа дейін өсті. Сондай-ақ

жануарлардың өнімділігі жақсарды: сүттің орташа мөлшері 5,2% - ға 4320 кг-ға дейін өсті, ал ірі қара малдың орташа салмағы 1,7% - ға 418 кг-ға дейін өсті [24].

Облыстың негізгі локомотиві мал шаруашылығы болып табылады, ол елдегі барлық өнімнің оннан бір бөлігін құрайды, ал аймақ рейтингте екінші орында.

Облыстың мал шаруашылығы негізінен ет өндірісінің абсолютті көшбасшылығына негізделген. 2023 жылы тірі салмақта мал мен құстар 194 мың тоннаға (-1,7% г/г) сойылды, бұл елімізде өндірілген барлық еттің 12,7% құрайды. Сондай-ақ, өңір мал шаруашылығының барлық негізгі өнімдері бойынша көшбасшы болып табылады. Шағын және ірі терілер үшін аймақ сәйкесінше 2 және 3 орынға ие болды, бұл барлық терілердің шамамен 10-11% құрады. Бұл аймақ жұмыртқа мен сүт өндірісі бойынша 4-ші орында. 2023 жылдың қорытындысы бойынша 414 млн дана жұмыртқа өндірілді, бұл Қазақстандағы жұмыртқалардың 11% - на тең. Сүт 4,6% -ға өсіп, осы кезеңде 443 мың тоннаға жетті, үлесі 8,5% құрады [24].

Бүгінде бұл сала халықты түрлі тағам өнімдерімен, өнеркәсіпті шикізатпен қамтамасыз етіп отырғаны сөзсіз. Ал малдың әртүрлі қауіпті кеселге шалдықпауын, олардан алынатын өнімдердің адам денсаулығына зиян келтірмеуін қамтамасыз ету бағытында тынымсыз еңбек ететін ветеринар мамандарының қызметі ерекше екені айтпаса да түсінікті.

Алайда, бюджеттік шектеулерге байланысты Қазақстанның мемлекеттік ветеринариялық мекемелерінің материалдық-техникалық базасының жағдайы жылдан жылға нашарлап келеді. Көптеген мекемелерде жабдықтар мен құралдар физикалық тұрғыдан тозған және ескірген.

Ветеринариялық пункт – ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыру мақсатында облыстың жергілікті атқарушы органдары құрған, аудандық маңызы бар қалада, кентте, ауылдық округте орналасқан мемлекеттік ветеринариялық ұйымның оқшау бөлімшесі болып табылады [17].

Ветеринария саласының негізгі қызметі - аса қауіпті жұқпалы аурулардың алдын алу, ауруларды диагностикалау, малдан алынатын тамақ өнімдері мен шикізаттардың адам өміріне қауіпсіздігін қамтамасыз ету болғандықтан, осы мақсатта жоспарланған іс-шаралар Алматы облысында толығымен атқарылуда.

Жыл сайын облыс аумағында ауыл шаруашылығы жануарлары мен құстардың аса қауіпті ауруларының 16 түріне қарсы ветеринариялық-профилактикалық шаралар өткізіледі [18].

Бүгінгі таңда облыс аумағында 135 ауылдық/қалалық ветеринариялық пункттер қызмет атқаруда.

Кесте 3 – Ветеринариялық пункттер бойынша ақпарат

№	Ветеринариялық пункттер	Әкімдік мекемелерінде	Жеке үйлерінде	Жалға алу	Ветеринариялық пункт	Мекеме көлемі
<b>Балқаш ауданы</b>						
	Барлығы: 15	10		1	4	<b>683</b>
<b>Енбекшіқазақ ауданы</b>						
	Барлығы: 26	18	3	2	3	<b>660,8</b>
<b>Жамбыл ауданы</b>						
	Барлығы: 23	14	1	2	6	<b>1 085,20</b>
<b>Іле ауданы</b>						
	Барлығы: 11	8			3	<b>469,4</b>
<b>Қарасай ауданы</b>						
	Барлығы: 10	2	5	1	2	<b>242,55</b>
<b>Кеген ауданы</b>						
	Барлығы: 12	8	1		3	<b>486</b>
<b>Райымбек ауданы</b>						
	Барлығы: 11	8		1	2	<b>380,35</b>
<b>Талғар ауданы</b>						
	Барлығы: 11	9	1		1	<b>308</b>
<b>Ұйғыр ауданы</b>						
	Барлығы: 14	10	3		1	<b>253,8</b>
<b>Қонаев қаласы</b>						
	Барлығы: 2	1			1	<b>109,5</b>
	<b>Барлығы: 135</b>	<b>88</b>	<b>14</b>	<b>7</b>	<b>26</b>	<b>4 678,60</b>

Ескерту-автормен [18] мәлімет негізінде құрастырылған

3-кестеден көргеніміздей, олардың: 88 – ауылдық округтердің әкімдіктерінің мекемелерінде, 7- мекемелерді жалға алу арқылы, 26-ветеринариялық пунктте, 14 – жеке үйлерінде қызмет атқаруда.

Байқағанымыздай облыс бойынша тек қана 19,2% - ы ғана ветеринариялық пунктмен қамтамасыз етілген. Ветеринария мамандардың 10% - ы жеке үйлерінде қызмет атқаруда.

*Ветеринария саласындағы келесі мәселелердің бірі ветеринария мамандарының жалақылары.*

Ұлттық экономика министрлігінің мәліметінше, ветеринария жұмысы елдегі ең төмен жалақы алатын 10 кәсіптің қатарына кіреді.

Сонымен қатар, 11-93 қаулысына сәйкес, Қазақстандағы ветеринарлық дәрігерлердің заңнамалық белгіленген мәртебесі жоқ және ресми жіктелімінде "басқалар" санатына жатады. Жануарлар санының көбеюіне байланысты ветеринарларға жүктеменің артуы да ескерілмейді, бұл мамандарға қосымша қысым жасайды [28].


Мемлекет басшысы 2022 жылдың 1 қаңтарынан азаматтық қызметшілердің кейбір санаттары үшін (бухгалтерлер, экономистер, заңгерлер, мұрағатшылар, кітапханашылар, мұражайтанушылар, орманшылар, техникалық персонал және басқалар) 2022-2025 жылдар аралығында жыл сайын орта есеппен 20% - ға тиісінше кезең-кезеңімен жалақысын көтеру бойынша тапсырма берген болатын. Тиісінше олардың жалақысы 4 жылда 2 есеге өседі [1].

Ветеринариялық алдын алу іс-шараларының наурыз айынан басталуына байланысты ветеринариялық станцияның (ауылдық округтерде 800-ден аса мамандар бар) мамандарына қаңтар-ақпан айларында еңбек ақы төлеу мүмкіндігі жоқ, өйткені ветеринариялық станцияға қаражат қызмет көрсету актісі негізінде нақты жүргізілген манипуляциялардың мөлшеріне сәйкес төленуі тиіс. Жыл сайын ветеринария мамандарына 2 айдың еңбек ақысын кешіктіру фактілерін орын алып, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің 113 бабының бұзылуына әкеліп, ірі көлемде айыппұл салынды. Осыған байланысты мамандардың көпшілігін 2 ай мерзімге ақысыз еңбек демалысына жіберуден басқа шара қалмай отыр.

4-кестеде және 15-суретте ветеринариялық мамандардың жалақысының 2022 -2023 жылдар аралығындағы талдауы көрсетілген.

Кесте 4 – ВП мамандарының жалақысы туралы ақпарат

Санаттар бойынша мамандар	2022 жыл	2023 жыл	Жалақының өсуі/кемуі, %
Жоғары білімді ветеринариялық дәрігер	165 000	240 000	45,4%
Орта білімді ветеринариялық дәрігер	150 000	210 000	40%
Ветеринариялық фельдшер	140 000	200 000	42,8%
Ветеринариялық санитар	120 000	192 000	60%
ИСЖ операторлар	80 000	150 000	87,5%
Орта көсеткіштер	130 000	198 400	55,1%
Ескерту - автормен [18] мәлімет негізінде құрастырылған			



15-сурет – ВМ мамандарының жалақысының динамика

Ескерту - автормен [18] мәлімет негізінде құрастырылған


4-кестеде және 15-суретте көрсетілгендей ветеринария мамандарының орташа жалақысы 2022 - 2023 жылдар аралығында 55,1% - ға өскенін байқаймыз. Дәлірек айтатын болсақ, жоғары білімді ветеринариялық дәрігерлердің жалақысы 165 000 - нан 240 000 - ға немесе 45,4% - ға, орта білімді ветеринариялық дәрігерлердің жалақысы 150 000 – нан 210 000 - ға, немесе 40% - ға, ветеринариялық фельдшерлердің жалақысы 140 000 – нан 200 000-ға, немесе 42,8% - ға, ветеринариялық санитарлардың жалақысы 120 000 – нан 192 000 -ға, немесе 60% - ға, ИСЖ операторлардың жалақысы 80 000 – нан 150 000-ға, немесе 87,5% - ға.

Алайда, жыл сайын ветеринария мамандарының жалақысының өсуіне қарамастан облыс аумағында ветеринария мамандарына, әсіресе ауылдық жерлерде ветеринар тапшылығы байқалады.

Ауылдық аумақтардың кадрлық әлеуетін нығайту, ауылдық жерлерде диплом алған кадрларды бекіту мақсатында 2009 жылғы 1 шілдеден бастап ҚР Тұңғыш Президентінің тапсырмасы бойынша «Дипломмен ауылға!» мемлекеттік бағдарламасы іске қосылды». Әлеуметтік сала, агроөнеркәсіптік кешен мамандарына және ауылдық округтер әкімдері аппараттарының мемлекеттік қызметшілеріне көтерме жәрдемақы және тұрғын үй сатып алу немесе салу үшін бюджеттік кредит түрінде әлеуметтік қолдау шараларын ұсынуға бағытталған [29].

Облыста соңғы үш жылда «Дипломмен ауылға» бағдарламасымен 86 ветеринар жұмысқа қабылданды [18].


Аталған бағдарламаға сәйкес, облыс аумағында 2021 – 2023 жылдар аралығында көтерме жәрдемақы, жеңілдетілген несие алған мамандар бойынша ақпарат 16, 17, 18 суреттерде көрсетілген.



16-сурет - «Дипломмен ауылға» бағдарламасы аясында көтерме жәрдемақы алған ВП мамандары

Ескерту - автормен [18] мәлімет негізінде құрастырылған

16-суретте байқағанымыздай 2021 мен 2023 жыл аралығында көтерме жәрдемақы алғандардың саны артқанын байқауға болады. Нақтырақ айтсақ, көтерме жәрдемақы алған ветеринария мамандарының саны 3 жылда 17 маманға, немесе 58,5%-ға.




17-сурет - «Дипломмен ауылға» бағдарламасы аясында тұрғын үй алуға жеңілдетілген несие алған ВП мамандары

Ескерту - автормен [18] мәлімет негізінде құрастырылған

17-суретте көрсетілгендей 2021 – 2023 жылдар аралығында тұрғын үй алуға жеңілдетілген несие алған мамандар саны 31 маманды құрағанын байқауға болады.

Демек, ауылдық жерлерге келген ветеринария мамандарының тұрғын үй алуға деген қызығушылығының жоғар екенін атап өткен жөн.



18-сурет – ВП мамандарына коммуналдық өтемдерді төлеу үшін берілген жәрдемақы

Ескерту - автормен [18] мәлімет негізінде құрастырылған

18-суреттерде байқағанымыздай коммуналдық өтінімдерді төлеу үшін жәрдем алған мамандар саны 2021 – 2023 жылдар аралығында 1 581 құрады.

Сонымен қатар, ветеринария саласында орын алып отырған тағы бір мәселенің бірі – материалдық – техникалық жабдықтардың, автокөліктердің ескіруі.

Бүгінгі таңда облыс бойынша барлығы 302 автокөлік бар. Оның 166 - ы өтімділігі жоғары арнайы автокөліктер (НИВА, УАЗ, SsangYong және т. б.), 136 - ы малды тасымалдауға арналған автокөліктер (тіркеме) (қажеттілік бойынша).

Алайда, негізгі жұмыс барысында қолданылатын (Нива) автокөліктердің барлығы 2013 сатып алынған. Тозу көрсеткіші 60,2%-ды құрайды [18].

Қазіргі уақытқа дейін елімізде бір ветеринария маманының қызмет көрсетуінің бірыңғай жүктемесі бекітілмеген. Бұл жағдай, ветеринариялық іс-шараларды жүргізу үшін жеке аулалар мен шаруашылық құрылымындағы жануарлардың көлеміне байланысты штаттық құрылымды (структура) құру қиындығын тудырады. Жүктелген міндеттерді тиісті деңгейде орындау үшін ветеринариялық пункттің құрамында қанша ветеринария дәрігері, ветеринариялық фельдшері, ветеринариялық санитары және тағы басқа мамандар болуы айқындалмаған.

Осыған байланысты, әрбір маманға (1 ветеринариялық дәрігерге көмекші ретінде ветеринариялық фельдшер мен ветеринариялық санитарын қосып есептегенде) атқаратын жұмыс көлемін біркелкі бөлу, сонымен қатар, оларға еңбекақы төлеу мөлшерін объективті есептеуді қамтамасыз ету мақсатында қызмет көрсетудің бірыңғай жүктемесі бекітілуі қажет.

«Ұлттық аграрлық ғылыми – білім беру орталығы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы мәліметіне сәйкес, елімізде ветеринария мамандығы бойынша 10 жоғары оқу орындарында білім беріледі [30].

Республика бойынша 2021 – 2022 оқу жылында ветеринарияның 1 299 маманы (мемлекеттік тапсырыс бойынша – 614, ақылы негізде – 656, кәсіпорын есебінен – 29), оның ішінде әйелдер – 593 (45,7%) шығарылды. Жыл сайын кадрлар даялауда (ветеринария) 825 білім беру гранты бөлінеді, ал 2022 жылы 100 грантқа немесе 12,1%-ға ұлғайған. Мамандығы бойынша – 629, мамандығы бойынша емес – 135 адам жұмысқа орналастырылды. Қалғандары – 535 түрлі себептермен жұмысқа орналастырылмады (декреттік демалыс, шетелге кетті, магистратура мен докторантураға түсті, «Жұмыспен қамту орталығы» мемлекеттік мекемесінің есебінде тұр.

Өкінішке орай, түлектердің негізгі бөлігі мамандықта қалмайды. Олар жалақысы жоғары және жұмысы аз болатын басқа да тартымды салаларға барады. Себебі ветеринария-бұл қолмен жұмыс істеу керек сала. Яғни, таңбалау, вакцинация, қан алу, ауылшаруашылық жануарларын емдеумен айналысу. Бұл оңай жұмыс емес.

2023 жылы ветеринария мамандығы бойынша 925 мемлекеттік грант тағайындалған. Алайда, өткен жылы тек 574 студент қабылданған. Осылайша, «Ветеринария» мамандығына бөлінген мемлекеттік гранттың жартысынан көбіне сұраныс болмағандықтан, басқа факультеттерге бөлініп берілген.

Бүгінгі күні Алматы облысы көлемінде «Ветеринария» мамандығы бойынша оқытатын мекемелер тізіміне: Алматы қаласында орналасқан Қазақ Ұлттық аграрлық зерттеу университеті, Талғар ауданында орналасқан Талғар агробизнес және менеджмент колледжі және Жетісу облысы, Талдықорған қаласында орналасқан Талдықорған аграрлық – технологиялық колледжі жатады.

Аталған оқу орындарынан жыл сайын ветеринария мамандары диплом алып шыққанына қарамастан ауылдық жерлерге жұмысқа қызуғышылықтары төмен. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына сәйкес, білім беру гранты - «бакалавр» немесе «магистр» дәрежесін бере отырып, жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білімге ақы төлеу болып табылады және ол мемлекет қаражаты есебінен жүзеге асырылады. Мемлекет бюджет қаражаты есебінен білім алған қазақстандықтар грантты 2017 жылдан бастап 3 жыл ішінде ақтаулары міндетті.

Алайда, аталған міндеттерге қарамастан ауылдық жерлерге мамандардың тоқтауы екіталай немесе 3 жыл қызмет етіп, мемлекет бөлген гранттың қаражатын өтегеннен кейін басқа салаларға немесе қалаларға ауысып кетіп жатады.

5-кестеде облыс аумағында орналасқан оқу орындарын «Ветеринария» мамандығы бойынша тәмәмдаған студенттер жайлы ақпарат.



Кесте 5 – «Ветеринария» мамандығы бойынша диплом алған студенттер саны

Оқу жылдары	Қазақ Ұлттық аграрлық зерттеу университеті	Талдықорған аграрлық – технологиялық колледжі	Талғар агробизнес және менеджмент колледжі
2020-2021 жылдар	1 730	754	222
2021-2022 жылдар	1 461	356	195
2022-2023 жылдар	1 240	233	147
Ескерту - автормен [25,26,27] мәліметтер негізінде құрастырылған			

5-кестеде баяндалғандай 2021 – 2023 жылдар аралығында аталған оқу орындарынан «Ветеринария» мамандығы бойынша барлығы 6 338 студент (бакалавр дәрежесі бойынша) диплом алған. Жыл сайын ветеринария мамандығына деген сұраныстың төмендеуі де байқалады. 2023 жылы 2021 жылмен салыстырғанда мамандық бойынша диплом алған студент саны 59,8% - ға немесе 1 086 бірлікке түскен. Бұл дегеніміз жылдан жылға ветеринария мамандығына деген сұраныстың өте төмен деңгейде екенін көрсетеді.

Оның негізгі себептеріне яғни жастардың бұл салаға келгілері келмейді, осы саланың тартымсыздығына байланысты жоғары оқу орындарын бітіргеннен кейін мамандық бойынша жұмыс істеуге ұмтылмайды. Ол неге тартымды емес? Ең алдымен, әрине, төмен жалақы. Екінші-жұмыс шарттары. Үшіншісі- ауылдағы инфрақұрылымның дамымауы. Мұның бәрі біріктіріліп, мамандықты жастар үшін тартымсыз етеді.

Екінші жағынан, жастар қазір өте өршіл болды деп айтуға болады, олар бірден жақсы жұмыс, жоғары жалақы алғысы келеді, бірақ олардың әлі де тәжірибесі жоқ екенін ескермейді.

## 2.4 Ветеринариялық қызметтің кадрлық әлеуетін дамыту бойынша ұсыныстар

Жоғарыда аталған мәселелерді ескеріп, халықаралық тәжірибеге сүйене отырып, келесі шараларды әзірлеу қажет:

### 1. Ветеринардың мәртебесін қарастыру

*Заң жобасын әзірлеу қажеттілігінің негіздемесі:*

Заң жобасының тұжырымдамасы Мемлекет басшысының 2021 жылғы 1 қыркүйектегі «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуің берік негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауы шеңберінде әзірленетін болады: *(Ветеринария саласын да жетілдіру қажет. Бұл салада орталық пен өңірлер арасындағы міндеттер мен құзыреттер нақты бөлінуі керек. Мал басының амандығы және өнімділігі жергілікті ветеринарлардың тиімді жұмысына байланысты. Бұл, түптеп келгенде, ауылдағы ағайынның әл-ауқатына тікелей әсер етеді. Ветеринария қызметі қазіргі заман талабына сай болмаса, ауыл шаруашылығы өнімдерінің экспортын арттыру мүмкін емес. Сондықтан, осы салада жүйелі жұмыс атқарылуға тиіс. Атап айтқанда, үдерістерді*

*цифрландыру, мәлімет жинау және оны автоматтандыру, маман даярлау және олардың жалақысын көбейту шаралары. Үкімет жыл соңына дейін ветеринария жүйесін реформалау жөнінде нақты шаралар қабылдауы керек.)*

Жалпы алғанда облыс бойынша 2021 – 2023 жылдар аралығында ветеринарлық пунктерде қызмет жасайтын 916 маман 835 маманға, яғни 81 маманға (8,8%-ға ) қысқарған.

Облыс бойынша самандардың жас аралық құрамын талдау барысында ерекше назар аудартарлық жайт, ветеринарлық қызметте жас ерекшелігі бойынша 40 жастан жоғары мамандар жалпы мамандардың жартысына жуығын (2021 жылы – 46,8%; 2022 жылы- 46,9%; 2023 жылы- 47,8% ) құрайды, яғни жыл өткен сайын жас мамандардың үлесі азаюда. Алдағы уақытта, өңірде зейнет жасына жуықтаған мамандардың орнын толтыру мақсатында, жас мамандарға деген сұраныс артып, білікті мамандарды даярлау, табу, жұмыс орнында ұстап қалу тәуекелдері туындайды.

Ветеринардың мәртебесі, ол ие болу керек кәсіби құқықтары мен міндеттерін, анықтау үшін заңнамамен нақты реттелуі керек. Келесі аспектілерді қосу ветеринарларға қойылатын стандарттарды арттырып, қоғамның ветеринарлық медицинаға деген сенімін қалыптастыра алады:

1. Кәсіби тану: ветеринарларды жануарлардың ауруларын диагностикалауға, емдеуге және алдын алуға қабілетті білікті медицина мамандары ретінде заңнамалық бекіту.
2. Үздіксіз білім беру: білім мен дағдылардың өзектілігін сақтау үшін тұрақты білім беру талаптарын енгізу.
3. Құқықтық қорғау: ветеринарларды негізсіз талаптардан және кәсіби тәуекелдерден құқықтық қорғауды қамтамасыз ету.
4. Этикалық нормалар: кәсіби этика кодексін әзірлеу және бекіту.
5. Еңбек жағдайлары: жалақыны, еңбектің қауіпсіздік шарттарын және әлеуметтік кепілдіктерді қоса алғанда, еңбек жағдайларын жақсарту. Сонымен қатар жүктеме нормативтарын әзерлеу.
6. Кәсіби жауапкершілік: жануарлардың денсаулығы мен азық-түлік қауіпсіздігі үшін жауапкершілікті анықтау.
7. Халықаралық ынтымақтастық: халықаралық деңгейде білім алу және үздік тәжірибелермен алмасуға жәрдемдесу.

*Заң жобасын қабылдаудың мақсаты:*

Ветеринарлық мәртебе туралы заң ветеринарлық мамандардың қызметін реттеу және жануарларға ветеринарлық медициналық көмектің сапасын қамтамасыз ету мақсатында қабылданады. Онда ветеринарларға қойылатын біліктілік талаптары, лицензиялау, олардың қызметін қадағалау, ветеринарлық мамандардың құқықтары мен міндеттері, сондай-ақ кәсіби этиканы немесе стандарттарды бұзғаны үшін жазалар туралы ережелер қамтылады.

*Заң жобасын реттеудің мәні:*

Ветеринардың кәсіптік қызметіне байланысты құқықтық қатынастар ветеринардың құқықтық жағдайын сапалы жақсартуды қамтамасыз ететін жағдай жасауға, олардың әлеуметтік қорғалу кепілдіктерін іске асыруға бағытталған заң жобасын реттеу мәнін айқындайды.

## 2. «Торттулік» қосымшасын жетілдіру

Қазіргі таңдағы Алматы облысындағы ветеринариялық қызметтің кадрлық әлеуетіне шолу жасау мақсатында 2024 жылдың мамыр айында ветеринариялық қызметті жүзеге асырушы орган (*ауылдық/қалалық ветеринария мамандары*) қызметкерлері арасында сауалнама жүргізілген болатын.

Әлеуметтік сауалнамаға облыс бойынша ауылдық/қалалық округтердегі 527 ветеринариялық дәрігерлер қатысты <https://forms.gle/NjBy6AUjdjvkWRGR6>.

Сауалнамадан өткен ветеринария мамандарының жас ерекшелік құрамына келетін болсақ (19-суретте көрсетілген) :


25 жастан төмен – 12 маман немесе 2,2%;

25-35 жас аралығында – 153 маман немесе 29,6%;

36-45 жас аралығында – 178 маман немесе 33,7%;

46-55 жас аралығында – 156 маман немесе 29,6%;


56 дан жоғары жастағы мамандар – 28 маман немесе 5,3%.



19-сурет – ВП мамандарының жас ерекшелігі


Ескерту - автормен сауалнама негізінде құрастырылған

«Бір жыл ішінде қызметті ауыстыруды жоспарлап отырсыз ба?» деген сауалға мамандардың: 102 маман немесе 19,3%-ы иә деп, 325 маман немесе 61,6%-ы жоқ деп, 100 маман немесе 18,9%-ы жауап беруге қиналатынын белгілеген.



20-сурет – ВП мамандарының қызметті ауыстыруы  
Ескерту - автормен сауалнама негізінде құрастырылған

«Жас мамандарды тарту және жұмыс орнында сақтап қалу үшін қандай мотивация қажет?» деген сауалға 328 маман немесе 62,2%-ы жалақыны көтеру, 78 маман немесе 14,8%-ы тұрғын-үймен қамтамасыз ету, 95 маман немесе 18%-ы жалақыға қосымша ақы белгілеу, 25 маман немесе 4,9%-ы басқа деген жауапты таңдаған.




21-сурет – ВП жас мамандарды тарту және сақтап қалу  
Ескерту - автормен сауалнама негізінде құрастырылған

Ветеринария саласында жас мамандарды тарту және қазіргі уақытта қызмет етіп жатқан мамандарды жұмыс орнында сақтап қалу үшін қолданыста бар «**Torttulik**» қосымшасын жетілдіруді ұсынамын.

## «Tört Tülik» МОБИЛЬДІ ҚОСЫМШАСЫ

### Жануарлар иелерін тіркеу



22-сурет – «Torttulik» қосымшасының интерфейсі

Ескерту – [34] дерекөзінен алынған

Бұл қосымша Ауыл шаруашылығы министрлігінің бастамасымен әзірленді. Бұл жануарлар туралы деректерді қалыптастыру және беру процестерін цифрлық форматқа аударуға мүмкіндік береді, бұл өз кезегінде ветеринарлардың жұмысын жеңілдетеді.

Аталған қосымшада 7 модуль қарастырылған:

- Жануарлардың санын қарауға арналған жануарлар тізімі
- Жануарлардың төлдерін тіркеу
- Жануарларды онлайн сату/сатып алу
- Жеке тұтыну үшін сою себебімен жануарды тіркеуден шығару
- Сырға жоғалған/бүлінген жағдайда оны ауыстыру
- Ветеринариялық паспорт беру
- Ауылшаруашылығы жануарларының иесі иуралы мәліметтерді түзету

Қазіргі таңда қосымшада: ауылшаруашылығы жануарларын тіркеу, ветеринариялық – профилактикалық мәселелерді енгізу функциялары қарастырылған. Алдағы уақытта қосымшаға ветеринария мамандары туралы ақпаратты енгізуді ұсынамын.

Мал иесі қосымша арқылы ветеринар туралы толық ақпарат ала алады. Нақтырақ айтсақ:

- Маманның аты – жөні;
- Маман қызмет ететін әкімшілік - аумақ
- Маманның еңбек өтілі

- Маманның кәсіби біліктілігі
- Қызмет көрсету құны
- Маманның бағалану көрсеткіші (QR-код арқылы)

***Қосымшаны жетілдіргеннен кейін:***

**Ыңғайлық және қолжетімділік:** Жануарлар иелері ветеринария мамандарын оңай тауып, тікелей қосымша арқылы қабылдауға жазыла алады. Бұл өз кезегінде олардың уақытын үнемдейді және де процесті жеңілдетеді.

**Еске салғыштар мен хабарламалар:** Қосымша жануарларға уақытылы вакцинация, диагностика, профилактикалық тексерулер мен басқа да маңызды іс-шараларды орындау мақсатында еске салғыштарды орнатуға мүмкіндік беретін болады.

**Кең ауқымды ақпарат:** Қосымшада ветеринариялық клиникалар, қызметтер, бағалар, рейтингтер және шолулар туралы ақпараттың болуы, жануар иелеріне маманды немесе клиниканы дұрыс таңдауға көмектеседі.

**Онлайн кеңес беру:** Ветеринарлармен онлайн-кеңес беру мүмкіндігін ұсынады. Клиникаға бармай-ақ алғашқы кеңес алу немесе сұрақтарға жауап беру үшін пайдалы болуы мүмкін.

**Білім беру контенты:** Қосымшада жануарларға күтім жасау, аурулар және де жануарлар денсаулығының басқа да маңызды аспектілері туралы мақалалар, бейне жазбалар, басқа да білім беру мазмұнының болуы.

Қосымшаны жетілдіре отырып, ветеринарлардың арасында бәсекелестікті арттырамыз. Бұл өз кезегінде ветеринария саласындағы көрсетілетін қызметтердің сапасының артуына алып келеді.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Осы жоба аясында Алматы облысының ветеринариялық қызметі, соның ішінде басқару құрылымы, қаржыландыру тетіктері, ақпараттық жүйелері мен кадрлық әлеуеті қарастырылды. Ветеринариялық қызметтің кадрлық әдеуетінің халықаралық тәжіибесіне талдау жасалды.

Облыстық деңгейде ветеринариялық қызметтің жай-күйі зерделеніп, проблемалар мен кемшіліктер анықталып, оларды шешу үшін ұсыныстар әзірленді.

Зерттеу әдістемесі ғылыми әдебиеттерді, сауалнама жүргізу, статистикалық мәліметтерді талдауды және басқа елдердің тәжірибесін талдауды қамтыды.

Сонымен қатар, ветеринарлық қызметтің кадрлық әлеуеті жануарлардың, қоғамның және қоршаған ортаның денсаулығы мен әл-ауқатын қамтамасыз етудің негізгі ресурсын ұсынады. Талдау көрсеткендей, ветеринарлық мамандардың біліктілігі мен кәсібилігі жылдан жылға төмен, бұл жануарлардың денсаулығын сақтау, жұқпалы аурулармен күресу, мал шаруашылығы өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау мәселелерінің кең ауқымын тиімді шешуге қауіп төндіреді.

Осы саланың кадрлық әлеуетіне теріс әсер етуі мүмкін белгілі бір сын-қатерлер мен қауіптер бар. Осындай сын-қатерлердің ішінде кейбір өңірлерде білікті мамандардың жетіспеушілігін, мамандардың ауылдық және қалалық аудандар арасында біркелкі бөлінбеуін, сондай-ақ тез өзгеретін технологиялар мен талаптар жағдайында үздіксіз біліктілікті арттыру қажеттілігін атап өтуге болады.

Сонымен қатар, облыстағы ветеринарлық қызметте жас ерекшелігі бойынша 40 жастан жоғары мамандар жалпы мамандардың жартысына жуығын (2021 жылы – 46,8%; 2022 жылы- 46,9%; 2023 жылы- 47,8% ) құрайтынын, яғни жыл өткен сайын жас мамандардың үлесі азаюда. Алдағы уақытта, өңірде зейнет жасына жуықтаған мамандардың орнын толтыру мақсатында, жас мамандарға деген сұраныс артып, білікті мамандарды даярлау, табу, жұмыс орнында ұстап қалу тәуекелдері туындайды.

Ветеринариялық қызметтің тиімді және сапалы қызмет етуі заңнамалық базадан, материалдық-техникалық жарақтандырудан және ен негізгісі жоғары білікті кадрлармен қамтамасыз етілуінен.

Зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып, келесідей қорытындыға келеміз:

Аудан/қала бойынша ветеринарларға бірыңғай жүктемені бекіту қажеттігінің туындауы;

Облыс бойынша ветеринар мамандарының орта жасының артуы;

Ауылдық жерлерге жас мамандардың жұмысқа тартылмауы;

Қызметте білімінің жоғары және орта арнайы білімге ие мамандардың саны азайып, штаттық құрам 2-3 айлық курсты аяқтаған мамандармен толықтырылып отырғаны байқалады.

Ветеринариялық қызметтің кадрлық әлеуетін нығайту үшін ветеринар мамандығының тартымдылығын арттыруға, жоғары сапалы білім мен кәсіптік даярлықтың қолжетімділігін қамтамасыз етуге, сондай-ақ еңбек жағдайларын жақсартуға және мансаптық өсуді ынталандыруға бағытталған іс-шаралар кешенін әзірлеу қажет. Тек осылай ғана ветеринариялық қызметтің тиімді жұмыс істеуін және жануарлар мен қоғамның денсаулығын қорғау саласында алдына қойылған стратегиялық мақсаттарға қол жеткізуді қамтамасыз етуге болады.



## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕР ТІЗІМІ

- 1 Қазақстан Республикасы Президенті Қ.Қ.Тоқаевтың 2021 жылғы 1 қыркүйектегі «Халық бірлігі мен жүйелі реформалар – Ел өркендеуінің берік іргетасы» атты Жолдуы, <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtynkazakstan-halkyna-zholdauy-183555>. Жүгінген күні 10.11.2023ж;
- 2 Степанова С.М. Моделирование кадрового потенциала организации/С.М. Степанова // Современные наукоемкие технологии. Региональное приложение». 2015. №2(42). 105-111 с.
- 3 Дейнека А. В. Управление персоналом организации: Учебник для бакалавров / А. В. Дейнека. – 2-е изд., стер. – М.: Издательско - торговая корпорация «Дашков и К», 2023. – 288 с.
- 4 Кулиев Т.А. и др. Управление человеческими ресурсами. Учебное пособие. Баку:2012.)
- 5 Андреев С.В. Кадровый потенциал и проблемы занятости в условиях перехода России к рыночным отношениям. М.: Изд-во Института социологии. 1977.
- 6 Юшкова Л. Я. и др. Кризисные явления в ветеринарной службе страны //ббк 4 а 43. – 2020. – с. 31.
- 7 Заводчиков Н. Д., Хабарова С. В. Исследование факторов экономической эффективности государственной ветеринарной службы Оренбургской области //Региональная экономика: теория и практика. – 2007. – №. 4.
- 8 Померанцев Д. А. и др. Оценка и расчёт коэффициента эффективности рабочего времени ветеринарных специалистов на различных предприятиях использующих в работе ИС «МЕРКУРИЙ» //Международный вестник ветеринарии. – 2020. – №. 4. – С. 221-227
- 9 Акмуллин А. И. Ветеринарная служба в субъектах Российской Федерации и ее кадровое обеспечение: дис. – Казань: [Казан. гос. акад. ветеринар. медицины им. НЭ Баумана], 2004
- 10 Gates M. C. et al. Building Veterinarians beyond Veterinary School: Challenges and Opportunities for Continuing Professional Development in Veterinary Medicine //Journal of Veterinary Medical Education. – 2021. – С. e20190148.
- 11 Жумаканов К. Т., Абдурасулов А. Х., Жунушов А. Т. Инновация в деятельности ветеринарной службы Кыргызстана //Аграрный вестник ЮгоВостока. – 2018. – №. 2. – С. 33-34
- 12 Berjan S., Vittuari M., El Bilali H. - Governance and institutions for sustainable agricultural and rural development in Bosnia & Herzegovina //trends and future of sustainable development. – 2011. – С. 538.
- 13 Bell C. E. Faculty development in veterinary education: are we doing enough (or publishing enough about it), and do we value it? //Journal of veterinary medical education. – 2013. – Т. 40. – №. 2. – С. 96-101.
- 14 Кодекс здоровья наземных животных Всемирной организации здоровья животных.

15 Официальный сайт МЭБ URL: URL: <https://www.oie.int>. Жүгінген күні 21.03.2024ж;

16 World Organisation for animal health: <https://rr-asia.woah.org/en/projects/performance-of-veterinary-services-pvs/>. Жүгінген күні 10.02.2024ж;

17 «Ветеринария туралы» Қазақстан Республикасының 2022 жылғы 10 шілдедегі №339 Заңы, <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z020000339>, жүгінген күні 05.10.2023ж;

18 «Алматы облысы ветеринария басқармасы» мемлекеттік мекемесінен алынған ақпарат;

19 Ауылшаруашылығы жануарларын бірдейлендіру дерекқоры <https://iszh.gov.kz/>, жүгінген күні 10.04.2024ж;

20 «Бірыңғай автоматтандырылған басқару жүйесі» ақпараттық жүйесі <https://vet.easu.kz/static/crm/login.html>, жүгінген күні 10.04.2024ж;

21 Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрінің «Ветеринарилық құжаттарды беру қағидаларын және олардың бланкілеріне қойылатын талаптарды бекіту туралы» 2015 жылғы 21 мамырдағы №7-1/453 бұйрығы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1500011898>, жүгінген күні 10.12.2023ж;

22 Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрінің «Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру қағидаларын бекіту туралы» 2015 жылғы 30 қаңтардағы №7-1/68 бұйрығы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1500011127>, жүгінген күні 11.12.2023ж;

23 Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрінің «Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі деректер базасын қалыптастыру және жүргізу және одан үзінді көшірме беру қағидасын бекіту туралы» 2010 жылғы 2 маусымдағы №367 бұйрығы, <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V100006321>, жүгінген күні 10.12.2023ж;

24 Қазақстан Республикасының Ұлттық статистика бюросы, <https://stat.gov.kz/>, жүгінген күні 15.04.2024ж;

25 Қазақ Ұлттық аграрлық зерттеу университетінен алынған ақпарат <https://www.kaznaru.edu.kz/>, жүгінген күні 19.11.2023ж;

26 Талғар агробизнес және менеджмент кооледжінен алынған ақпарат [https://tkaim.kz/index.php?option=com\\_content&view=article&id=501&Itemid=482&lang=ru](https://tkaim.kz/index.php?option=com_content&view=article&id=501&Itemid=482&lang=ru), жүгінген күні 19.11.2023ж;

27 Талдықорған аграрлық – технологиялық колледжінен алынған ақпарат <https://www.instagram.com/agrotekh/>, жүгінген күні 19.11.2023ж;

28 Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» 2015 жылғы 31 желтоқсандағы №1193 қаулысы, <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1500001193>, жүгінген күні 07.03.2024ж;

29 Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің «Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен

саласындағы мамандарға, ауылдар,кенттер, ауылдық округтер әкімдер аппаратының мемлекеттік қызметшілеріне әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну қағидаларын бекіту туралы» 2014 жылғы 6 қарашадағы №72 бұйрығы, <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1400009946>, жүгінген күні 28.01.2024ж;

30 НАО «Национальный аграрный научно-образовательный центр», <https://nasec.kz/ru>, жүгінген күні 05.04.2024ж;

31 Программа Правительства Кыргызской Республики «Развитие ветеринарной службы Кыргызской Республики на 2018-2023 годы», утверждена постановлением Правительства Кыргызской Республики от 17 октября 2017 года № 673, <http://cbd.minjust.gov.kg/act/view/ru-ru/10051?cl=ru-r>, жүгінген күні 17.10.2023ж;

32 Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің «Ветеринариялық есепке алу мен есептілікті жүргізу, ұсыну қағидаларын бекіту туралы» 2015 жылғы 30 сәуірдегі бұйрығы, <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1500011265>, жүгінген күні 19.02.2024ж;

33 Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің «Ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) қағидаларын бекіту туралы 2015 жылғы 29 маусымдағы №7-1/587 бұйрығы, <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1500011940>, жүгінген күні 28.01.2024ж;

34 Аналитический центр экономической политики в агропромышленном комплексе [https://acepas.kz/?page\\_id=1666&lang=ru](https://acepas.kz/?page_id=1666&lang=ru), жүгінген күні 25.12.2023ж;

## ҚОСЫМША 1



13-сурет – ВП мамандарының жұмыс орны



14-сурет – ВП мамандарының жеке үйлердегі жұмыс орны